



"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 сәуір N 573

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымда мемлекеттік реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының заң актілеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-бап. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының

Z952200_

9-бабының 1-тармағы мынадай редакциядағы 12-1)

тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) мұнай өнімдерін өндіру, сақтау және автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану;".

2-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы заң күші бар

U952350_

Жарлығына:

1) 5-бап мынадай редакциядағы 6-1) - 6-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) мұнай экспорты мен импортын реттейді;

6-2) көліктің әр түрімен мұнайды тасымалдауға сандық шектеулер (квоталар) белгілейді;

6-3) мұнай өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды белгілейді;

6-4) мұнай өндірудің және айналымының дерекқорын жүргізудің тәртібін белгілейді;

6-5) қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық баждарды белгілейді".

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК